

БІЗДІҢ КАЛЕНДАРЬ

Ә.Дербісәліге- 60 жыл

ҰСТАЗ. ҒАЛЫМ. ҚАЙРАТКЕР

*Дандай Ысқақұлы,
филология ғылымдарының докторы*

Әбсаттар Дербісәлі. Бұл есім бүгінгі қазақ қауымына кеңінен танымал. Қалың жұртшылық Әбсаттардың Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти екенін жақсы біледі. Сонымен бірге, оны еліміздегі дінаралық, ұлтаралық татулықты қамтамасыз етіп, оны нығайтуға атсалысып, түрлі мемлекеттік, қоғамдық, діни жиындарда, шараларда елбасының қасынан көрініп жүрген қоғам қайраткері ретінде де таниды. Осыншама қыруар жұмыстарды атқарып жүргеніне қарамастан Ә.Дербісәлінің түрлі тақырыптардағы құлаш-құлаш мақалалары баспасөз бетінде жиі көрініп, еңбектері кітап болып баспадан шығып жатады. Кейде шетелдерге барып келген соң ойға түйгендерін, тағлым аларлық жақтарын ортаға салып жазған проблемалық, жолсапар очерктерін оқығанда қолы бос емес адамның осыған уақытты қайдан табатынына таң қаласыз. Иә, бүгінгі күндері ел ағасы, ел аузына қарар азамат болып отырған Әбсаттар Дербісәлі кемел шағына келіп, халқына қалтқысыз барынша адал қызмет етіп келеді...

Мен Әбсаттармен 1976 жылы Ғылым академиясында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер болып істеп жүрген кезімде таныстым. Институт директоры Әди Шәріповтің кабинетінің алдында тұрған жұқалтаң келген сары бала көзіме жылы ұшырады. Бұрындары республикалық баспасөз беттерінде алғашқы көркем, ғылыми туындылары көріне бастаған жас жігітпен сырттай таныс болатынмын. Бір-бірімізді тосырқамай, бірден әңгімелесіп кеттік. Шымкенттегі педагогикалық институтты үздік бітірген Әбсаттардың КСРО Ғылым Академиясында алдымен біліктілікте, сосын аспирантурасын тәмамдап, екі жылдай Мароккода араб тілі мен әдебиеті бойынша тәжірибеден өтіп келген беті екен. Академиялық институтта екі жылдай ғылыми қызметкер болып істеген ол келесі жылы-ақ университет басшыларының арнайы шақыруымен Қазақ мемлекеттік университетіне ауысты. Оқытушылық қызметін ассистенттіктен бастаған ол аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, декан, проректор болып, жиырма жылдай уақытын жас ұрпақты тәрбиелеуге арнады.

Ә.Дербісәлі университетке жай оқытушы болып қана келген жоқ. Ол келе салысымен араб тілі мамандығы бойынша бөлім ашып, Қазақстанда тұңғыш рет шығыстану орталығының негізін қалай бастады. Алғашында филология факультетінің жанынан шағын топ болып ашылса, кейіннен жеке факультетке айналды. Қазір ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті елтану, аударма ісі, шетел филологиясы мамандықтары бойынша Азияның негізгі халықтарының, атап айтқанда, араб, парсы, урду, түрік, қытай, жапон, кәріс тілдері мен әдебиетін, тарихын оқытатын еліміздегі бірден-бір шығыстану орталығына айналып отыр.

Бір жағынан, ұстаздық, екінші жағынан, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, университеттің тілдер және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры сияқты басшылық, ұйымдастырушылық жұмыстарды атқара жүріп, өзінің араб әдебиеті бойынша зерттеулерін жалғастыра берді. Ол 1977 жылы “Араб тілді Марокко әдебиетінің даму дәуірлерінен” (ғылыми жетекшісі профессор Ю.Н.Завадовский) кандидаттық, 1989 жылы “VIII-XX ғасырлардағы араб тілді Марокко сөз өнерінің эволюциясы” деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. 1989 жылдан профессор, 1995 жылдан ҚР Жоғары Мектеп Ғылым Академиясының академигі Ә.Дербісәлі Қазақстан ғылымының өкілі ретінде Бағдад (Ирак), Сана (Солтүстік Йемен), Аден (Оңтүстік Йемен), Мекнес (Марокко), Токио (Жапония), Кашмир (Индия), Пешавар (Пәкстан), Мадрид (Испания), Колумбия (Нью-Йорк, АҚШ) университеттерінде лекция оқыды. Бірқатар халықаралық ғылыми-теориялық конференциялар мен симпозиумдарға (Душанбе-1985, Мәскеу-1989, 2000, 2004, Александрия-1992, Сеул-1995, Мадрид-1996, 2006, Дели, Кашмир-1999, Берлин-2002, Каир-2003, Афины-2004), ЮНЕСКО-ның конгрестеріне (Ташкент-2000, Доха-2001, Мәскеу-2006) қатысып, баяндамалар жасады.

Ә.Дербісәлі - Қазақстан білім беру ісінің, ғылымының аса көрнекті өкілі, қоғам қайраткері. ҚР білім және ғылым министрлігі жанындағы шығыстанушылардың оқу-әдістемелік кеңесінің төрағасы, ТМД Шығыстанушылар Ассоциациясы Қазақ бөлімінің бюро мүшесі, Ресей Ғылым Академиясы Шығыс әдебиетін үйлестіру кеңесінің, ҚР ҰҒА қоғамдық ғылымдар бөлімінің, ҚР Жазушылар және журналистер одағының, Қазақстан халықтар ассамблеясы кеңесінің, ҚР Президенті жанындағы адам құқығын қорғау жөніндегі комиссияның мүшесі ретінде қыруар жұмыстар атқарып келеді.

Дербісәлі 1997-2000 жылдары дипломатиялық қызметте – Қазақстан Республикасының Сауд Арабиясындағы елшілігінің кеңесшісі болды. Ислам дінінің шыққан жері, орталығы саналатын елде қызмет атқару Әбсаттардың өміріндегі ең бір елеулі кезеңге айналып, болашақ тағдырына тікелей әсер етті. Ол 2000 жылы өткен Қазақстан

мұсылмандарының III Құрылтайында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бастығы, Бас мүфти болып сайланды. Тазалық, имандылық, жоғары адамгершілік, адамдармен тіл табыса білушілік сияқты қасиеттерді қажет ететін діни салада жұмыс жасаудың өзіндік ерекшеліктері алғашында көп қиындықтар туғызбай қойған жоқ. Халықтың қалың ортасынан шығып, өмірдің небір қиын өткелектерінде ысылған, азамат болып қалыптасқан, исламның қайнаған қазаны Сауд Арабиясы елінде қызмет атқарып, тәжірибе жинақтаған, өмірде көргені мен түйгені мол Әбсаттар бұл жұмысты да дөңгелентіп алып кетті. Қазақстан муфтиінің бұл саладағы еңбегі мұсылман әлемінде де танылып, ол 2000 жылы Босния мен Герцеговинаның астанасы Сараевада өткен Еуразия Ислам Шурасының IV халықаралық конференциясында осы ұйым төрағасының бірінші орынбасары болып сайланды. 2002 жылы осы ұйымның Кипрде өткен V халықаралық конференциясында екінші рет тағы да төрағаның бірінші орынбасарлығында қалды.

Қазіргі Қазақстандағы ислам дінінің жандана бастауына, дінаралық қатынастардың өрістей түсуіне бас мүфти сіңірген еңбек ерекше. Нұр Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университеті мен имамдардың білімін жетілдіретін республикалық Ислам институты тікелей Ә.Дербісәлінің басшылығымен ашылды. Діни басқарманың жұмыстары жүйелілік, мақсаттылық сыпат алып, халықпен байланыс нығая түсті. Қазір жыл сайын қасиетті Құранды мәнерлеп оқу бойынша республикалық конкурстар өткізіліп тұрады; рамазан айларында Алматының орталық мешітінен қазақ теледидары арқылы қадір түнінен тікелей трансляция беріліп, исламның негізгі қағидалары насихатталып тұратын болды. Кеңес өкіметі жүргізген атеистік насихат салдарынан жабылып қалған мешіттер қайтадан ашыла бастады. Қазір әр ауылда жаңадан ашылып жатқан мешіттер адамдарға исламның негізгі қағидаларын насихаттаумен бірге имандылықтың, руханилықтың орталығына айналуға.

2003 және 2006 жылдары Астанада өткен әлемдік және дәстүрлі ұлттық дін басыларының құрылтайын ұйымдастыру, өткізу істерінде де Қазақстан Мұсылмандарының діни басқармасы, оның төрағасы Ә.Дербісәлі барынша атсалысып, үлкен үлес қосты. Бұл жиындар жер бетінде бейбітшілікті сақтау жолындағы күресте түрлі дін иелерінің бірлесіп атқарар істері айқындалып берілген елеулі тарихи оқиғаға айналды. Қазір Қазақстан бейбітшілік жолындағы діни қозғалыстардың әлемдік орталығына айналып келе жатыр.

Осыншама қыруар жұмыстарды атқарып келе жатқандығына қарамастан Ә.Дербісәлі ғылыми-шығармашылық жұмыстардан қол үзбей келеді. Ол қандай қызметте болсын, қандай жерлерде жүрсін, барлық уақытта да қаламын жанынан тастаған емес. Қызмет бабымен талай елдерді аралаған ол барлық жерлерде кітапханаға соқпай кетпейді. Ұлтын сүйген

ғалымды қызықтыратыны – қазақтың тарихына, мәдениетіне, әдебиетіне қатысты материалдар. Ұзақ жылдар бойғы ғылыми ізденістердің барысында тірнектеп жиған материалдардың негізінде қазақ шығыстану ілімінің іргесін нығайта түскен 400-ден астам ғылыми еңбектер өмірге келді. Әбсаттардың араб тілін жетік білуі оның ғылыми ізденістерінің негізгі бағытын айқындап, мол мүмкіндіктер туғызды. Ол қазақ ғалымдарының арасынан шығып, араб әдебиеті жайлы зерттеулер жүргізген, қазақ-араб әдеби-мәдени байланыстарын тереңдеп зерттеп, көп жаңалықтар ашқан, ғылыми негізі жоғары, практикалық маңызы зор еңбектер жазған бірден-бір үлкен шығыстанушы ғалым.

Кеңес өкіметі жылдарында коммунистік партия жүргізген қарамағындағы халықтарды ұлтсыздандыру саясаты қазақтың мәдениеті мен әдебиетіне, ғылымына орны толмас олқылықтар әкелді. Бар жақсылық батыстан, шығыс артта қалған, сондықтан да оның әсерінің барлығы да кертартпа деп, қазақ халқының ғасырлар бойғы дамуындағы шығыспен байланыстарын үзіп тастады. Онымен тұрмай, қазақ мәдениетіндегі шығыстық дәстүрлердің барлығын дерлік зиянды деп тапты; сөйтіп, ұлттық әдебиетіміздің шығыстық тамырларын қиып тастау жоспары жүзеге асырылды. Шығыс халқы ретінде қазақтың тарихын, мәдени байланыстарын зерттеуге жол берілмеді. Бұл тақырыптағы бірлі-жарымды шығыстанушылардың еңбектерінде шығыс жаман, бар бәле шығыстан, батыс жақсы, бар жақсылық батыстан деген суроцентристік теория дәлелденіп жатты.

Әрине, күннің бетін алақанмен жауып тұруға болмайтын еді. Ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір, шындықтың айтылуы қажет-тұғын. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап ояна бастаған қазақ халқының ұлттық сана-сезімі тарихи шындықты іздей бастады. Қазақ халқының өткеніндегі шығыстық қатпарларға назар күшейіп, ұлттық тарихымыздың шаң басып қалған беттері ашыла түсті. Бұл ретте профессор А.Машановтың тікелей атсалысуымен ортағасырларда жасаған, әлемдік ғылымда Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған шығыстың ұлы энциклопедист ғалымы отырарлық Әбу Нәсір әл-Фарабидің туған халқымен қайта қауышуы тарихи оқиға болды. Осы бір тұстарда ғылымға келген Ә.Дербісәлінің бүкіл ғылыми шығармашылығы қазақ мәдениетінің шығыстық беттерін, атап айтқанда, араб әдебиеті мен ғылымымен байланыстарын зерттеуге арналды десе де болады. А.Машанов Әбу Нәсір әл-Фарабиді туған даласымен қайта қауыштырса, Ә.Дербісәлінің Отырардан шыққан оннан астам әл-Фарабиді анықтап, қазақ халқына таныстыруы халқымыздың рухани тарихын тереңдетіп, елімізді әлемдік өркениеттің, ғылымның дамуына үлес қосқан елдердің қатарына қосты. Сол сияқты қазақ даласынан шыққан үш Кердериді, үш Сайрамиді (Иефиджаби), жеті Түркістаниді, Байлақ Қыпшақиді, Хасан Әли Жалайыридi, Махмұт Таразиді, Гийас ад-Дин

Жендиді, Хусам ад-Дин Сығанакиді – барлығы 50-ге жуық жерлес ғалымдарды тауып, ғылыми айналымға енгізді. Олардың еңбектерін насихаттап мақалалар жазды; ғылыми конференцияларда баяндамалар жасады; студенттерге дәріс оқыды; ғылыми диссертациялар қорғатты.

Ә.Дербісәлі Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен ондағы құлпытастардағы араб тіліндегі, графикасындағы жазуларды оқып, қазақ тіліне аударды; зерттеулер жазды. Мұхаммед Хайдар Дулатидың өмірі мен артына қалдырған мұрасын зерттеп, ұлы жерлесімізді тани түсуге тарихи еңбек сіңірді. Дулатиға қатысты материалдар іздеп, Қашғарияға (1994), Пәкстанға (1995), Индияға (1998) сапар шекті. Кашмирден ғалымның зиратын тауып, құлпытасына жазылған сөздерді оқыды. Дулатидың “Жаһан-наме” дастанын шағатай тілінен қазақшаға аударды. Ғұлама жайында бірнеше зерттеулер жазып, “Мұхаммед Хайдар Дулати. Өмірбаяндық-библиографиялық анықтамалық” (Алматы, 1999) шығарды. Дамаскіде жатқан Әбу Нәсір әл-Фараби мен Сұлтан аз-Заһир Бейбарыстың зираттарына Отырар топырағын салу, ол жақтың топырағын туган жерге жеткізу сияқты шаралардың басы-қасында жүрді. Ұлы бабалардың басын көтеріп, жай салу, оларға мемлекеттік тұрғыдан қамқорлық жасау мәселесін көтеріп, жүзеге асуын қадағалап жүрген де Әбекен.

Әбсаттардың қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, тарихына қатысты ғылыми зерттеулері мен мақалалары негізінен оның “Шыңырау бұлақтар” (Алматы, 1981) және “Қазақ даласының жұлдыздары” (Алматы, 1995) кітаптарына енген. Бұл кітаптар – қазақ халқының мәдени тарихын талай ғасырларға тереңдеткен, қазақтанудың іргесін кеңейте түскен, іргелі ізденістерге жол сілтеген елеулі еңбектер. Ә.Дербісәлінің ғылыми ізденістерінің нәтижелерімен танысу барысында ықылым замандардан келе жатқан тарих көшінің соны беттерімен таныса түсесіз; кеңестік кезеңде тарихы қазан төңкерісінен кейін басталып, социализмнің кезінде ғана ұлт болып қалыптасты делінетін қазақ халқының тарихы тереңде жатқан, бір кездерде ғылымы мен мәдениеті барынша дамып, әлемдік өркениетке айтарлықтай үлес қосқан, атакты әл-Фарабидей алыптар шыққан іргелі ел болғанымызға көзіңіз жетеді.

Ә.Дербісәлі алдымен, арабтанушы, араб әдебиетінің маманы ретінде танылды. Ол араб әдебиеті бойынша шығыстанудың үлкен орталығы Мәскеуде кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғап, осы салада бірнеше іргелі еңбектер жазды. “Араб әдебиеті. Классикалық дәуір” (Алматы, 1982) араб әдебиеті жайлы қазақ тілінде алғаш шыққан зерттеу болғандығымен де құнды. Әбсаттардың араб әдебиеті жайлы зерттеулері кейіннен “Араб тілді Марокко әдебиеті” (“Арабоязычная литература Марокко”, Алматы, 1983), “Марокко әдебиеті” (“Литература Марокко”, Москва, 1993; С.В. Прожогина, О.А.Власовалармен бірге) атты іргелі монографиялық зерттеулерде жалғасын тапты. Бұл еңбектер Ә.Дербісәліні

марокколық араб әдебиеті бойынша ТМД елдеріндегі бірден-бір басты маман ретінде танытты. Осылардың ішінде араб әдебиетінен қазақ тілінде жазылған тұңғыш кітап ретінде “Араб әдебиетіне” аз-кем тоқтала кеткен жөн сияқты.

Жоғары оқу орындарының шығыстану және филология факультеттерінің студенттеріне арналған оқу құралы түрінде жазылған “Араб әдебиетінде” “классикалық дәуір” деген атпен белгілі VIII-XVI ғасырлардағы араб әдебиеті қарастырылады. “Ежелгі араб мәдениеті мен әдебиеті”, “Орта ғасырлардағы араб әдебиеті” (VII-XIIғғ.), “Андалузиядағы (Испания) араб әдебиеті” (VIII-XVғғ.), XIII-XVIII ғасырлардағы араб әдебиеті жеке-жеке тарауларда сөз болады. Еңбектің, біздіңше, аса құнды жағы - араб әдебиетінің қазақ әдебиетіне қатысы бар тұстарына оқырман назарын аударып отыратындығы. Мысалы, араб әдебиетіндегі “риса” жанрының қазақтың “жоқтауына” ұқсас жақтарын салыстырады. “Жоқтаудың” шығуына арабтың “рисасының” әсері болуы мүмкін деген пікір айтады. Араб ақындарының ішінде Али ибн Аби Талибтің қазақтардың арасында “Әзірет Әлі” деген атпен белгілі болғандығы, Қайе ибн Муалауахтың Ләйла атты аруға ғашық болып, мақсатына жете алмай, құсалықтан дала кезіп, мәң болып “Мәжнүн” атанғаны, кейіннен атақты “Ләйлі-Мәжнүн” дастанының тууына негіз болғандығы, Абд Алла ибн Мухаффаның үнді жұртынан аударып жазғандығын, соған қарамастан ол араб әдебиетінің классикалық туындысына айналып, дүниежүзіне тарап кеткендігі, оның ішінде қазақ тіліне де аударылғандығы, әл-Мағарридің өлендері 1974 жылы қазақ тілінде Қ.Жұмағалиевтің аудармасымен жарық көргендігі, әл-Фараби жайлы қызықты деректер бар.

Кітаптағы атақты “Мың бір түн” ертегілері мен “халық романына” жататын Бейбарыс жайлы аңыздар да елең еткізерлік. Мысыр жеріне түркі елінен құл болып келіп, атышулы батырға, колбасшыға айналып, араб жұртын ұзақ жылдар билеген атақты Бейбарыс сұлтанның ерлігі, әділдігі аңыз болып, халық арасына кеңінен тарап кеткен екен. “Бейбарыс жауынгер ретінде Юлий Цезарьмен терезесі тең тұр” деген атақты тарихшы Вильгельм Триспольскийдің пікіріне куә боламыз.

Таза араб әдебиетінің тарихына арналған деген еңбектің өзінен қазақ әдебиетіне де қатысты қыруар қызықты деректер кездестіресіз. Ә.Дербісәлінің “Араб әдебиеті” қазақ оқырмандарын классикалық араб әдебиетімен таныстыратын қазақ тілінде жазылған тұңғыш еңбек болуымен де құнды.

...Иә, кеше ғана Түлкібастан түлеп ұшқан сары бала бұл күндері елімізге танымал шығыстанушы, аузына бүкіл мұсылман қазақ елі қараған шоқша сақалды ақ шапанды айтулы сары шал болыпты. Бір жағынан ғұлама, екінші жағынан, діндар Әбсаттарды жаһандану жайлаған жиырма бірінші ғасырдағы қазақтың болашағы қатты толғандырады. Ұлттың тура

жолда дамуын оның тілі мен діні, ділі гана қамтамасыз ете алады деп білетін Ә.Дербісәлінің халқына әлі берері көп.

Özet

Bu makalede ilâhiyatçı ve bilim adamı Prof. Dr. Absettar Derbesali'nin öğretmenlik hayatı ve ilmi çalışmaları ele alınmaktadır.

Резюме

В статье рассматривается творческая жизнь и общественная деятельность доктора филологических наук, профессора А. Дербисали.

Resume

This article has looking creative and public work, doctor philological scincest, professor of A. D